

Әдебиеті - ардың ісі

Үш қолтыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-konyr.kz №18 (537) 7 мамыр 2021 жыл

БЕРІКЖАННЫ
СІРІНІ ӘДЕМ

ХАЛЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

Бүгінгі таңда музей тарихи және көркемдік құндылығы бар музей артефактілері мен жәдігерлерін толықтырып, сақтап қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік маңызды оқиғалардың белсенді нысанына, мектеп жасына дейінгі балалардан бастап аға буын тұлғаларға дейінгі түрлі санаттағы адамдардың жылы шырайлы кездесуі мен диалогына айналды.

ҚР Мемлекеттік орталық музейі өз ресурстарын – (коллекцияларын, технологияларын) аудиториямен өзара әрекеттесудің түрлі нысандары мен тәсілдерін пайдалана отырып, өскелең ұрпақ арасында еліміздің тарихи мұрасын танымал ету ісіне мол үлес қосуда. ҚР Орталық музейі өзінің тақырыптық мазмұны жағынан бірегей тарихи кезеңдер мен оқиғаларды қамти отырып, Қазақстанның ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі тарихы мен мәдениетін көрсетеді. Музей әркімге тарихпен, археологиямен, этнографиямен жанасуға, танымдық, шығармашылық тұрғыдағы мұражай қызметіне қатысу

суретші, дәстүрлі қолөнер шебері рөлінде сынап көреді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі елдегі пандемия, жалпыға міндетті карантин кезінде қалыптасқан дәстүрді жалғастырып бүкілхалықтық мереке – Жеңіс күніне орай, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қолдау мақсатында «Ерлікке тағзым – ардагерлерге құрмет» қайырымдылық акциясын өткізді.

Акция ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Аталмыш акция аясында Орталық музей қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, «Ардагерлерімізді бірге құттықтаймыз!» бағыты бойынша музейдің тұрақты серіктестері мен демеушілері ұсынған сыйлықтарды табыс ету үшін ардагерлердің үйіне жол бастады.

Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Ерлікке тағзым – ардагерлерге құрмет» қайырымдылық акциясы ардагерлер бізге сыйлаған алғыс бейбіт күн үшін алғыс пен ризашылық білдірудің тағы бір мүмкіндігі болды. Акцияда №176 мектеп гимназия оқушысы Маулен Мәди және А.Розыбақиев



